

Е.А. Билалов¹, А.Ы. Жұмаиш^{2*}

^{1,2}Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹erlan.bilalov.71@mail.ru, ²arman_zhumash68@mail.ru

ORCID: ¹0009-0004-1238-4379, ²0000-0002-9945-6555

МЕЙЕРХОЛЬД БИОМЕХАНИКАСЫНЫҢ САХНА ТІЛІНДЕГІ Артикуляция мен экспрессивтілікке әсері және заманауи театр кеңістігінде қолданылуы

Аңдатпа. Қазақ театр өнерінің әлемдік сахна кеңістігіне шығуға немесе әлемдік театрларымен терезесі тең болу үшін тіпті заманауи жаңа биіктерден көріну үшін, классикалық болмаса бүгінгі күн драматургиясын дәстүрлі жолмен сахналау аздық етеді. Олай болса қойылымдардың сахналық шешімін жаңа қырынан көрсеткіміз келсе, актерлық ойын методикасын, тәсілін жаңа деңгейге көтергіміз келсе, сахнада сөйлеу мәнері нақты, қарқынды, мәнерлі болу үшін жаңа бағыт іздеу керектігі бесенеден белгілі. Яғни бұл мәселе сұранысқа ие болып тұрған бүгінгі қазақ театр кеңістігінде өте актуалды жағдай. Сондықтан театр актері әрі ұстаз ретінде іздене келе, біздің қазақ театр өнерінде қолданыста болмаған, болса да бірлі-жарым қойылымдарда азды-кем қолданылған, бірақ кеңінен зерттелмеген, өткен ғасырда постсоветтік елдерде, Ресейде пайда болып, тек Ресей театрларында, оның өзінде де кейбір театрларда ғана қолданылған Мейерхольд биомеханикасы жайлы ізденісімді жаңа күнге, жаңа буынға сахналық тәжірибе ретінде ұсынуды жөн көрдім. Себебі Мейерхольд биомеханикасын біз атын естіп білсекте әлі қыр-сырына ғылыми бағытпен бара қоймаған өте тың, қиын және терең ізденіс пен дайындықты талап ететін бүгінгі күннің сұранысына дәл келіп тұрған тәсіл. Бұл ғылыми мақала Мейерхольд биомеханикасының сахна тіліндегі артикуляция мен экспрессивтілікке әсерін зерттейді, сонымен қатар оның қазіргі театр өнерінде қолдануын қарастырады. Бұл тәсіл актерлік шеберліктің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Мақала Мейерхольд биомеханикасының негізгі принциптерін сондай-ақ заманауи театр өнеріндегі зерттеулер мен практикалық қолдану мысалдарын да қарастырады. Талдау кезінде Мейерхольд өзі сахналаған Гогольдің «Ревизоры» және М.Әуезов театрында қойылған Ғ.Мүсіреповтің «Махаббат дастаны» (реж.Қ.Сүгірбеков) спектаклдері арқылы «биомеханика» тәсілінің актерлық ойынның басқа форматта болуымен қатар, оның сахна тілі мен сахна тіліндегі артикуляцияға ықпалының нақты екеніне көз жеткіздім. Мейерхольд биомеханикасын заманауи театр өнерінде қолдану және сахна тіліне қатысты ерекшелігін білу, актерлерге өз мүмкіндіктерін кеңейтуге және есте қаларлық әрі әсерлі қойылымдар, көркем бейнелер жасауға мүмкіндік береді. Осы жолдағы ізденіс пен жасалатын жұмыстар, қойылатын қойылымдармен кез-келген халықаралық додаларда өзге елдермен тереземіз тең боларына кәмілмін.

Кілт сөздер: Театр, биомеханика, артикуляция, динамика, режиссер, сахна тілі, пластика, қойылым, актер, заманауи, эмоция, актер шеберлігі.

Е.А. Bilalov¹, A.Y. Zhumash^{2*}

^{1,2}Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts,

Almaty, Kazakhstan.

E-mail: ¹erlan.bilalov.71@mail.ru, ²arman_zhumash68@mail.ru

ORCID: ¹0009-0004-1238-4379, ²0000-0002-9945-6555

The influence of Meyerhold's biomechanics on the articulation and expressiveness of stage language and its application in modern theatrical space

Abstract. In order for Kazakh theatrical art to enter the world stage space or to be equal with world theaters, even in order to reach new heights of modernity, it is not enough just to put on modern or classical drama in a

traditional way. If we want to show the stage solution of performances in a new light, bring the methodology and manner of acting to a new level, then we need to look for a new direction so that the style of performance on stage will be clear, saturated, and expressive. This is a very relevant situation in the modern Kazakh theater space. Accordingly, as a theater actor and teacher, I found it necessary to offer a new generation my findings on the topic of biomechanics of Meyerhold as a stage experience. It appeared in Russia, but was not used by all Russian theaters and was not used in Kazakh theatrical art, even if it was used, then only in a few productions in its lesser manifestation and it has not been studied deeply enough. Meyerhold's biomechanics is an approach that we know in its general sense, but not in a scientific sense, and which exactly meets today's demands that require complex and in-depth research and training. This scientific article examines the influence of Meyerhold's biomechanics on the articulation and expressiveness of stage language, as well as its use in modern theatrical art. This approach has made a significant contribution to the development of acting. The article discusses the basic principles of Meyerhold biomechanics, as well as examples of research and practical application in modern theatrical art. When I was examining Gogol's «The Inspector», directed by Meyerhold himself, and G. Musrepov's «The Saga of Love», staged at the M. Auezov Theater (directed by K. Sugirbekov), I was convinced that the approach of «biomechanics», not only displays a different format of acting, but also has a real impact on stage language and articulation on the stage language. The use of Meyerhold's biomechanics in modern theatrical art and knowledge of the specifics of the stage language allows the actor to expand his capabilities and create memorable and touching performances, as well as artistic characters. I believe that the work and the performances that will reflect the results achieved along this scientific way will be on the same level with other countries in any international competitions.

Keywords: Theater, biomechanics, articulation, dynamics, director, stage language, plasticity, staging, actor, modernity, emotions, acting.

Е.А. Билалов¹, А.Ы. Жұмай^{2*}

^{1,2}Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова,
Алматы, Казахстан.

E-mail:¹erlan.bilalov.71@mail.ru,²arman_zhumash68@mail.ru

ORCID:¹0009-0004-1238-4379, ²0000-0002-9945-6555

Влияние биомеханики Мейерхольда на артикуляцию и выразительность сценического языка и ее применение в современном театральном пространстве

Аннотация. Для выхода казахского театрального искусства в мировое сценическое пространство или для того, чтобы быть на равных с мировыми театрами, даже для того, чтобы выйти на новые высоты современности, мало просто ставить современную или классическую драматургию традиционным образом. Если мы хотим показать сценическое решение постановок в новом свете, вывести методику, манеру актерской игры на новый уровень, то необходимо искать новое направление, чтобы стиль выступления на сцене был четким, насыщенным, и выразительным. Это очень актуальная ситуация на современном казахском театральном пространстве. Соответственно, как театральный актер и учитель, я счел нужным предложить новому поколению и новому дню в качестве сценического опыта свои находки по теме биомеханики Мейерхольда который появился в России, но не использовался всеми российскими театрами и не применялся в казахском театральном искусстве, даже если применялся, то всего в нескольких постановках в меньшем своем проявлении и не изучался достаточно глубоко. Биомеханика Мейерхольда это подход, который мы знаем в общем его смысле, но не в научном и который точно соответствует сегодняшним запросам, требующим сложных и глубоких исследований и подготовки. В этой научной статье исследуется влияние биомеханики Мейерхольда на артикуляцию и выразительность сценического языка, а также рассматривается ее использование в современном театральном искусстве. Этот подход внес значительный вклад в развитие актерского мастерства. В статье рассматриваются основные принципы биомеханики Мейерхольда, а также примеры исследований и

практического применения в современном театральном искусстве. В процессе исследования я изучил спектакль «Ревизор» Гоголя, поставленный самим Мейерхольдом, и «Махаббат дастаны» Г.Мусрепова, поставленную в театре М. Ауэзова (реж.К. Сугирбеков) и убедился в том, что подход «биомеханики» отражает другой формат актерской игры, кроме того, имеет реальное влияние на сценический язык и артикуляцию на сценическом языке. Применение биомеханики Мейерхольда в современном театральном искусстве и знание специфики сценического языка позволяет актеру расширить свои возможности и создавать запоминающиеся и трогательные постановки, а также художественные образы. Я верю, что проделанная работа и постановки, которые будут отражать результаты, достигнутые на этом пути, окажутся на одном уровне с другими странами на любых международных соревнованиях.

Ключевые слова: Театр, биомеханика, артикуляция, динамика, режиссер, сценический язык, пластика, постановка, актер, современность, эмоции, актерское мастерство.

1. Кіріспе

Өз заманындағы режиссура саласының көрнекті шеберінің бірі Всеволод Эмильевич Мейерхольд кенес дәуіріндегі ірі театр қайраткерлерінің қатарына кіреді. Мейерхольд қойылымдары, оның шығармашылық ойлары өнер жолындағы ізденістері мен ашқан айқын жаңалықтары сол уақытта өте кең тарады. Күні бүгінге дейін өнер қауымының қалтқысыз назарын аударып, Қазақ театр өнері кеңістігі мен әлем театрларының да қызығушылығын арттыруда. Мейерхольд өнерінің табиғатын терең түсіну үшін, одан қол үзбей үнемі онымен бірге дамып отыру қажет. Өнер жолындағы экспериментатор екенін ол өзі үнемі астын сызып айтып отырған. Бұл ерекшелігін сыншылар қауымы да ешқашан ойларынан шығармаған көрінеді.

В.Мейерхольдтың биомеханикасы сахналық мәнерлілік пен артикуляцияға жаңа көзқарас ұсынып, XX ғасырдағы театр өнерінің дамуындағы маңызды кезең болды. Мейерхольд қозғалыс физикасы мен антропоморфтық заңдылықтардың принциптеріне сүйене отырып, кейіпкерлердің эмоционалдық күйін жеткізіп қана қоймай, сол кездегі әлеуметтік және мәдени жағдайларды бейнелейтін театр тілін жасауға ұмтылды.

Түрлі формалар мен стильдермен сипатталатын заманауи театр кеңістігі биомеханикаға тән мүмкіндіктерді зерттеуді жалғастыруда. Дәстүрлі актерлік әдістер жаңа қиындықтарға тап болған жылдам өзгеретін әлемде В.Мейерхольд әдістеріне оралу сахна тілінің мәнерлілігін арттыру үшін бірегей шешімдерді ұсына алады.

Бұл мақалада сахна тілінің артикуляциясы мен экспрессивтілігіне биомеханиканың әсері талданады, сонымен қатар оның қазіргі театр тәжірибесінде қолданылуы қарастырылады. Зерттеу В.Мейерхольд әдістерінің заманауи театрлық эксперименттер контекстіндегі өзектілігін және олардың көрермен қабылдауына әсерін анықтауға бағытталған.

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

Актер деген сөзді естігенде адамның көз алдына, сырлы да сымбатты, көрікті де көркем ажарынан нұр шашқан сөйлеген сөзі бойды алар өзгеше жаралған бекзат болмыстың елестейтіні хақ. Өйткені сол актер өз өнерін паш етер театр сахнасы немесе киноэкран әлемі болсын, болып жатқан спектакль немесе кинодағы сан түрлі оқиғалар арқылы көрерменнің көңілін көкке өрлетіп, болмаса күңгірентіп күрсінтіп, сырға толы құпия әлеміне жетелеп кейіпкер ғашық болса сонымен бірге ғашық болып бүкіл дүниені ұмыттырары сөзсіз. Санаң сан құбылып, жүрегің тарс-тұрс қағып,

ойынды он жаққа, сананды сан жаққа дөңгелетіп, алпыс екі тамырындағы қанды теңіздей тулатып, сол өнер әлемінде болып жатқан оқиғаға еріксіз үңілтіп сендіріп қоятын, театр деп аталатын бекзат өнердің иесі – актер. Бұл қасиеттерге ие болу үшін актер тұрпаты қашанда әрекет атаулыға дайын, садақтың адырнасындай тартулы, аузынан шыққан сөзі, мірдің оғындай болып айтылған ойды бағытталған межеге дәл тигізетін болуға тиіс. Ол үшін актер үнемі оқу-біліммен айналысуы, лайым ізденіс үстінде жүруі, айтпаса да түсінікті. Десекте актер үшін, актер шеберлігінің алғашқы қадамы К.С. Станиславский ілімінен бастау алатыны да белгілі. «Сахна алаңында әрекетке бару керек. Актер өнері мен драма өнерінің тірегі – белсенділік пен әрекет» (Станиславский, 1954: 48). Ал Станиславский іліміне қарсы пікір айтып, өз ғылыми бағытын театр әлеміне ұсынған В.Э. Мейерхольд еді. Станиславский ілімінде актер ішкі психикалық ойдан сыртқы физикалық әрекетке көшу арқылы психофизикалық әрекет жасайтын болса, Мейерхольд ұсынған әдіс бойынша сыртқы физикалық әрекеттен ішкі мазмұнға өту керектігін айтты. Мысалы, аяқ асты бір жарылыс болды делік. Станиславский әдісі бойынша, адам жарылыс даусын естіген бойда жарылыс жаққа қарап оның жарылыс екеніне көз жеткізіп, сосын барып бой тасалап қаша жөнеледі. Ал Мейерхольд әдісінде, алдымен қаша жөнеліп, содан кейін оның жарылыс екеніне көз жеткізу, содан барып қорқу, бағалау процестері орын алады. Бұл тәсіл актер үшін, өнер әлемін бағындыруда тағы бір тың, өте бір өзгеше бағыт болды. Сонымен бұл қандай ілім, қалай пайда болды, нені меңзейді деген сұрақтардың жауабын берейік. Биомеханика деп аталатын бұл сахна әдісін В.Э. Мейерхольд американдық инженер Фредерик Уйнслоу Тейлордың, еңбекті ғылыми ұйымдастыру әдісін жасау арқылы, оның ішіндегі артық, өнімсіз қозғалыстарды, ритмиканы, ауырлық пен тұрақтылық орталығын дұрыс табу, уақытты үнемдеу арқылы физикалық күшті үнемдеу деген ғылыми ізденісінің нәтижесін негізге ала отырып жасаған еді. Мейерхольд актерден белгілі бір тапсырманы орындау үшін, тапсырманы тез жүзеге асыруға ықпал ететін қозғалыстардың дәлдігіне кепілдік беретін экспрессивті әдістерді үнемдеуді талап етті. Ол үшін актер өзінің аппаратын үнемі физикалық дайындықта ұстауы қажет болды, себебі биомеханиканың негіздеріне ие болу үшін дененің ауырлық орталығын дәл тауып сезіну қажет. Бір нүктені көздеп, зейінді шоғырландырып, сонымен қатар әрекетпен үйлестіре де білу керек.

2.1 Зерттеу әдістері

Мейерхольд биомеханикасы бұл актер құралын дамытуға бағытталған шынықтыру жүйесі. Құрал дегеніміз, актердің психофизикалық болмысы. Станиславский тілімен айтқанда, шығармашылық элементтері. Олар, актердің дене бітімі, дауысы, жүйкесі, қарқыны, көру және есту қабілеті, сезімталдығы, әрекеті мен сезімінің қисыны мен сабақтастығы, қиялы, сөз әрекетін жасай білуі. *«Актердің сөйлеу техникасын меңгеру барысындағы маңызды кезең – артикуляция және дикциямен жүйелі түрде машықтану, жаттығу және сахнада мәтінмен байланыстыра алу. Дикцияның дамуына арнайы жаттығулар мен тренингтер комплексі тікелей әсер етеді»* (Жұмаш, 2022: 233). Міне осы қасиеттер актер-бейнелеуші мен көркем шығарманы біртұтас дүниеге айналдырар құрал болып табылады. Ал сахнадағы кәсіби жеңіс пен жетістік, жаңағы айтқан актердің күллі шығармашылық элементтері

мен психофизикалық әрекеттер спектрін неғұрлым шебер, ұтымды қолдану арқылы келеді. «Ол үшін актерге мына талаптар қажет:

1) жұмысқа рефлекторлы түрде (бірден) кірісіп кету табиғи қабілетіне ие болу керек, өйткені бұл қабілетке ие адам өзінің физикалық мүмкіндігіне сәйкес өзіне бір түрлі немесе алуан түрлі амплуа қалыптастыруға мүмкіндігі болады.

2) актер физикалық тұрғыда өте тың болуы керек, өте дәл табатын мөлшері болуы шарт, және өзінің дене ауырлық орталығының тұрақтылығын барлық уақытта қадағалай білуі қажет.

Яғни актер шығармашылығы дегеніміз оның сахна кеңістігіндегі пластикалық формасына негізделген, сондықтан ол дене бітімінің механикалық құрылымын жақсы меңгерген болуға тиісті. Бұл оған аса қажет, себебі күш атаулының барлығы (оның ішінде адам табиғатының да) біркелкі механика заңына бағынады. (ал актер жасаған пластикалық формадағы шығармашылық, адам табиғаты күшінің көрінісі)» (Мейерхольд, 1917-1939: 488). Всеволод Эмильевич Мейерхольд биомеханика осы талаптары мен ережелерін барынша қолданып Н.В. Гогольдің «Ревизорын» қойды. Сондағы кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын, өзара әрекет жасауын, сөйлеу мәнерін көріп отырып, спектакльден мүлдем басқа тыныс тіршілік, басқа көркемдік көзқарас табасыз. Бір ғана Хлестаковтың жүріс-тұрысын көріп, темір механизмдер мен адам денесі біріккен бе деп ойлайсыз. Яғни жартылай адам, жартылай робот іспетті кейіпкер жүр қойылымда. Сахнадағы екі кейіпкердің бір-біріне деген қарым-қатынас көрінісінде, мойын бұрып қарағанда, құдды бір магнит тартып бұрылтықандай. Өйткені биомеханика сөзінің мағнасы да осыған саяды. «Био» – грек тілінен келген «өмір» дегенді білдірсе, «механика» – денелердің кеңістіктегі қозғалысы және сол қозғалысты туғызатын күштер туралы ілім. Демек, адам рухымен денесінің физикалық мүмкіндіктерін қолдана отырып, сахнада өмір сүру тәсілінің мүлдем басқа түрін көрсетеді.

2.2 Материалға сипаттама

«By staging national classics in a new interpretation, the directors put forward our endangered folk traditions and customs. *Ұлттық классиканы жаңа интерпретацияға қоя отырып, режиссерлер біздің жойылып бара жатқан халықтық дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды бірінші орынға қояды*» (Classics and the National Idea, 2023: 15). Сондай қойылымның бірі 2002 жылы М.Әуезов атындағы ұлттық драма театрында қойылған «Махаббат дастаны» спектаклі болды. (Ғ.Мүсрепов. реж. Қ.Сүгірбеков). Осы қойылымда Қозы-Көрпеш ролін ойнадым. Мейерхольд биомеханикасын Қозы ролінде өз тәжірибемде қолдандым. Кейіпкерімнің жүріс тұрысы, тұрпаты, іс-қимылы жалпы өмір сүру тәсілі мүлдем басқа арнаға бұрылды. Психофизикалық әрекеттер ықшамды, мизансценалар нақты, артық қажетсіз іс қимыл немесе қозғалыстар жоқ, бәрі үнемді орынды. Партнерлық өзара қарым-қатынас басқа параметрге ауысты. Тарқатып айтсам Қозы мен Баянның ғашықтық сахнасында Станиславскийдің «нұрлану, нұрландыру» элементін қолдана отырып көру процесінде биомеханика тәсілімен көз орнында аса жарық сәуле тұрғандай тесіле қарау. «Нұралу, нұрландыру процесі ішкі қарым-қатынастың парасаттылық мазмұн сипаты. Актер партнерімен үнсіз қарым-қатынасқа барғанда ішкі сарайының,

бүкіл жан дүниесінің асыл қазынасын оған тарту етеді» (Байсеркенов, 1993: 281). Жүріс тұрыста аяқ орнында қозғалысқа өте жеңіл әкелетін механикалық қозғағыш бардай қозғалу, секіргенде дәл пружина секірткендей жеңіл секіріп жерге жеңіл түсу, түскен жерінде тапжылмай қимылсыз қатып қалу. Бүгінгі кибернетиканың қимыл-қозғалыстарын еске түсіретіндей. Ішкі әлемінде от жанып тұрғандай энергетика арқаланып динамикалық қарым-қатынас жасағанда партнерді басқа өлшемдерге жетелейтінің сөзсіз. Осы мысалдар негізінде жасалған жалпы жұмыс оң нәтижесін берді. Республикалық театр фестивалінде сыншылар қауымының бір ауыздан айтқан шешімімен бас жүлде иеленді.

Биомеханиканың бұдан басқа да бұрын соңды айтылмаған қосымша аспектілері бар. Мысалы, дене саналылығы (дайындығы), сөйлеу мәнері, дем және артикуляция. Бұларды, биомеханика өзіне тиесілі бағытта қарастырады. Яғни әдепкі сахна тілі заңдылықтарын ұстана отырып, физикалық әрекеттің қарқынына қарай өзгеше сөйлеу мәнерін табу. Мейрхольд биомеханикасы актердің дене дайындығын дамытудың маңыздылығын ерекше атап көрсеткенін айттық. Яғни, өз денесін, кез келген қиындық дәрежесі бар, қимыл-қозғалыстарға және биомеханиканың талаптарына сәйкес болатын қойылым шешімдерін еңсеріп алып кететін нақышта дайын ұстауы керек. Мәселен, Мейрхольд биомеханикасы бойынша актер, екінші бір актердің кеудесіне секіріп қос тізерлеп отыруы ешқандай қиындық туғызбайды. Арқа түйістіріп бірін-бірі көтеріп бара жатқанда арқаланып бара жатқан актердің денесі тақтайдай тұзу күйінде тұруы да актердан үлкен физикалық дайындықты талап ететіні белгілі. «Адамның өмірде атқаратын (сахнадағы актердің де) бүкіл қимыл қозғалыстарын талқылау мен жүйелеудің қолайлылығы үшін оларды «міндетіне қарай» бірнеше топ деңгейінде қарастыруға болады: локомоторлы, жұмысшы, мәнді (семантикалы), суретті (иллюстративные) және мәнерлі (пантомимические).

Локомоторлы қимыл-қозғалыстар. Бұл топқа ең алдымен, қарапайым тұрмыстық тіршілікке байланысты туындайтын қимыл-қозғалыстар жатады: тамақ жеу, ішу, лақтыру, ұстау, жармасу, беру алу және т.б.

Жұмысшы қимыл-қозғалыстар. Бұл қимыл-қозғалыстардың орасан көптігі тіпті олардың сан алуандығынан оларды санаудың өзі мүмкін емес.

Мәнді қимыл-қозғалыстар (Семантические движения). Қимыл-қозғалыстардың бұл түрі «тоқта», «кет», «иә», «жоқ», «өтінемін», «тыныш» және т.б. сияқты сөздерді ауыстырады.

Суретті қимыл-қозғалыстар. Қимыл-қозғалыстың бұл түрі объекті сапасын, оның көлемін, салмағын, санын үстіңгі бетінің сапасын, мекен орнын және т.б. көрсетеді (суреттейді).

Мәнерлі (жалынды) қимыл-қозғалыстар. (Пантомимические (эмоциональные) движения). Жалынды немесе мәнерлі деп аталатын қимыл-қозғалыстар кәдуілгі адам өмірінде, сахнадағы актерлер тіршілігінде олардың сезінуі нәтижесінде тіпті еріксіз пайда болады (Құлбаев, 2005: 205).

Міне осы қимыл-қозғалыс атаулының баршасы дерлік роль жасауда, әрқайсысы сахна кеңістігінде орын алып, қолданылатыны сөзсіз. Ал Мейерхольд биомеханикасы осы қимыл-қозғалысты мүлдем басқа формада көрсетуге үлкен мүмкіндік

туғызады. Ал көрермен тарапынан қойылымды мүлдем басқа қырынан көріп, қабылдауға да мүмкіншілік береді. Дәл осы бағытта жасалған сахналық қойылым көрермен назарын да қалт жібермей өзіне аударып баурап аларында сөз жоқ. Олай болса, көрерменге әсерін беру мақсатындағы қойылым, міндетін толық орындай алады деген сөз.

3. Талқылау

Зерттеу барысында дене дайындығы мен қоса, сөйлеу мәнері, дем және артикуляция дедік. Актер келбет-қалпын, қимыл әрекетін, мимикасын, ым-ишарасын терең меңгеріп, түсініп, бақылауы керек. «Актердің психофизикасының құрылымы сан алуан болып келеді. Адамның психологиясын зерттеумен шектелмей ғана, оның психофизикасына, физиологиясына көңіл бөлінуі тиіс» (Төлепберген, 2022: 14-15). Бұл оған сахнада нақты сөйлеуге және әрекет жасауда дауысы мен денесін тиімді де мәнерлі пайдалануға көмектеседі. Сонымен қатар Мейерхольд биомеханикасы, актердің тыныс алуды бақылауын қажет етеді. Биомеханикалық әрекет кезіндегі дем мен тыныс алу техникасын айтпас бұрын, дем алудың үлгілеріне тоқталайық.

«Дем алудың үш үлгісі бар:

- **Бірінші.** Өңгімелесу барысында көкіректі кере дем алу. Кеудемен дем алғанда ауа артық жұтылып, дауыс әлсіреп қалуы мүмкін. Сондықтан да, кеудемен дем алу тиімсіз.

- **Екінші.** Демді ішке тарту бауыр еттің төмен түсуі арқылы жүргізілді. Ішпен дем алу, тыныс алудың бұл үлгісі кеудеден төменгі тұста өтеді, бұл да тиімсіз.

- **Үшінші.** Аралас-диафрагмалық, яғни толық тыныс алу. Барлық тыныс жүйесіндегі бұлшық еттер мінсіз жұмыс істейді. Толық дем алған тұста кеуде көріктей кеңіп, дыбыс жолдары ашылады. Сөйлеу сазын дұрыс жолға қоюдың ең тиімді үлгісі осында» (Тұранқұлова, 2011: 33-34).

Ал Мейерхольд биомеханикасындағы тыныс алу, дәл осы үшінші үлгіні қолдана отырып, физикалық әрекеттің динамикасымен бірге демді іште фиксация жасап тұрып, экспрессивті түрде сыртқа сөзбен бірге үзіп-кесіп бағыттаумен ерекшеленіп, бақыланады. Бұл әдеттегі дауысты қарқынды шығару мен демді қолдану тәсілінен мүлдем басқа процесс. «Актер дем мен тіл тазалығына, артикуляцияның жеңілдігіне, әдемі әрі ретті қимыл-әрекетке баса назар аударуы керек» (Тұранқұлова, 2022: 118-119). Сахна тілінде сөздің күші мен эмоционалды қарқындылығын бақылау үшін, әрекет етуші осы аспектілерді пайдалана алады. Биомеханика сахна тіліндегі артикуляция мен экспрессивтілік үшін маңызды бірнеше негізгі принциптерді негіздейді. Физикалық дәлдік пен айқындылық, ритм мен динамика. Физикалық экспрессия, кеңістікті үйлесімді қолдану және бейнені нақты өз нақышында жасап көрсету, дауыс қарқыны мен интонациясын үйлестіру. Айрықша атап өтуге болатын, драматургиялық тұтастық. Оған дәлел ретінде Әубәкір Рахимовтың «Режиссер шеберлігі» оқу құралындағы: «Сөз бен әрекет бірлігі, драматургияға қойылатын басты талаптардың бірі. Пьесадағы басты кейіпкердің әрекет арқауы арқылы түпкі мақсатына ұмтылуы – драматургиялық тұтастықтың кепілі», – деген анықтамасына сүйенуге болады (Рахимов, 2022: 62-63). Зерттеулер биомеханиканың принциптері сахна тіліндегі артикуляцияны жақсартуға ықпал ететінін көрсетті. Актердің іс-қимылдарының дәлдігі мен айқындылығы, сөздің айтылуындағы дәлдік пен

айқындылыққа сәйкес келеді. Қозғалыстағы ритм мен динамика сөздің ритмі мен динамикасын өзгертуге алып келеді, бұл оны мәнерлі және эмоционалды түрде қабылдауға мүмкіндік береді. Физикалық экспрессия, сахна тілінің экспрессивтік дамуына ықпал етеді.

4. Нәтижесі

Осы тұста тағыда Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың алғашқы кездесу сахнасынан үзінді арқылы мысал келтіріп, түсіндірейік. Бұл үзінді, елі шабылып, әкесі Қарабайдың бүкіл жылқысын айдап алып кеткен Қодардың артынан қуып келе жатқан Баян сұлу мен, анасының айтуы бойынша Баянның елін, нақтырақ айтқанда Баянның өзін іздеп келе жатқан Қозы Көрпештің алғашқы кездесуі жайлы көрініс. Екеуі бір-бірі жайлы естігенімен, бұрын соңды кездескен емес, демек әлі танымайды, бірақ сезеді, шырамытады. Екеуі сұлу да көрікті, көркем де сымбатты ерекше жаратылыс иелері еді. Танымағанмен тылсым бір күшті сезініп тұрған екуінің іші аласапыран, астаң кестең. Кездесудің алғашқы сәтінде бір-бірін жау деп секем алып сезіктенген екеуі, кескін-келбет түр сипаттарын жақындап келіп анықырақ көргенде жүректері тулап барып, сабасына түскен еді. Себебі, бұрын көрмесе де шексіз ғашық, аналары екеуін қоспай қоймаймыз деп құйысқан қан мен байласқан серт, берілген анттың тылсым күшін яғни энергетикасын әрдайым рухымен сезіп жүретін, дәл қазір де басынан кешіп тұрған Қозы мен Баянның арасындағы тартылыс күш, шын мәнінде динамикаға толы, жоғары эмоционалды, психофизикалық әрекет туғызатыны сөзсіз. «Әрекетті – физикалық және психологиялық деп бөліп атағанымызбен, оларды жеке-жеке қарауға болмайды. *Физикалық әрекет* – психологиялық көңіл күйіміздің сыртқы көрінісі болса, *психологиялық әрекет* – пластикалық қимылдарымыздың ішкі мәні, негізгі себепкері» (Рахимов, 2022: 42).

Екеуінің ішкі жандүниесі мен көңіл күйлері осылай. Ал физикалық әрекетке келер болсақ, тау тағысы болып өскен Қозының қимылы-қозғалысы тым ширақ өте жылдам, қасқағымда жоқ болып, қас пен көздің арасында таса болатын шапшаңдыққа бейімделген. Ал биомеханика тәсіліне салғанда, Қозының қимыл-қозғалыстары механикалық техника қозғалыстары мен қозғағыш механизмдер элементтері қосылған машина мен адамның қосындысы болып шығады. Бірақ адам жағы басымдау. Атап айтқанда аяғында темір пружина бардай секіреді де жер бауырлап жата қалуы, қайта тұрып отыра қалуы аяқтың ішінде дәл бір фиксатор бардай еш арттық қозғалыссыз өте нақты орындалады. Осы дәлдік пен нақтылықты шапшаңдық пен жылдамдықты арқаланған психофизикалық әрекеттің сөз әрекетіне де сөздің айтылу формасына да нақты ықпалын тигізетінін айтқамыз. Сондықтан Қозының алғашқы, «Жол болсын құрбым» деген сөзі тау жаңғырығымен естілген, атылған оқтай саңқ етіп және өте экспрессивті қарқынмен айтылады. Бірақ өте үлкен сезімталдықпен, жұмсақ жүреппен, қызға деген іңкәр ілтипатпен жеткізіледі. Ал Баянның, «Жолдамақ сенен болсын, жас ноян... Күштіде кеткен кегін, төгілген ар-намысын қуып бара жатқан жанмын» деген сөздері, алыстан талып жеткен жаңғырықтай нәзік үнмен биязы сезіммен, бір деммен өте көшті динамикалық толғаныс, тебіреніспен айтылады. Баян, Қозыдай тау тағысы болмағанымен, садақ тартқанда құралайды көзге ататын мерген, қолында қалқан найзасы бар ержүрек, батыр қыз. Сәйкесінше Баянның да физикалық әрекеті асқан жылдамдық пен шапшаңдыққа құрылған, әр қадамы нық өте нақты.

Оның физикалық әректіндегі нақтылық, сөздің айтылу мәнеріндегі айқындылық пен экспрессияға ұласады. Зерттеу барысында физикалық әрекет пен сөздің айтылуы арасындағы міндетті түрдегі байланыстың барлығына көзіміз жетті. Қозының «Ел намысын ер жоқтамас болар ма? Қызына қол бастатқан неткен ел еді» - деген сөзінде биомеханика тәсілі бойынша, тізесін бүгіп отыра қалып, екі қолын жерге тіреп, қайта көтеріліп жартылай бой түзеп физикалық қимыл-қозғалыс, әрекеттер жасағанда, аяқ пен дененің ортасында бел емес айналмалы подшипник тұрғандай қозғалады. Көз алдыңызға жер қазып жатқан экскаватордың, топырақты бір жерден алып екінші жерге төгіп жатқандағы ковш қозғалысын елестетсеңіз болады шамамен. Дәлірек айтқанда ковштың бір нүктеден екінші нүктеге барғандағы тоқтау фиксациясы, сосын қайта қайтуы. Бұл процесс кейіпкердің сахнадағы шапшаң темпоритмімен үйлескенде, өте ерекше психофизикалық әрекетке ие боласыз. Ал ауыздан шыққан сөз құдды бір зенбіректің оқпанынан атылған оқтай өте зілді, дәл және нақты. Сөйлеу қимыл-қозғалтқыштары сөздің нақты болуы үшін, әбден шынығып, машықтанған болуы тиіс. Яғни Мейерхольд тәсілінің талап етіп отырған физикалық дәлдік пен айқындылық және оған сәйкес келетін сөздің айтылуындағы айқындылық пен дәлдік осы жерде нақты көрініс табады. «Сөйлеу қимыл-қозғалтқыштары – деп сөйлеу аппараты бұлшық еттері жұмысының бүкіл жиынтығы, яғни тыныс алу, көмей, резонатор және сөйлеу мүшелерінің әрекеттерін (артикуляционные) айтамыз» (Құлбаев, 2022: 189). Сөз басында биомеханиканың артикуляцияға қатысын айтқан едік. Мейерхольд биомеханикасының актердің сөйлеу мүшелерінің әрекеттеріне, яғни артикуляциясына әсері дегеніміз, оның икемділігін, күшін және қозғалысын басқаруын дамыту болып табылады. Мейерхольд, артикуляциялық бұлшық еттерді жаттықтыруға бағытталған жаттығуларды үнемі талап етті. Актер денесінің икемділігі мен оны дамыту үшін жұмыс жасайды, қимыл-қозғалыс, әрекеттері мәнерлі икемге бағынатын болу үшін әртүрлі қажетті жаттығулар жасайды, артикуляция, осы процесстің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Яғни сөйлеу бұлшық еттері аппаратын нақышына келтіретін жаттығулар жасау. Олар біз күнделікті сахна тілінде жасап жүрген демге, ауыз аппаратына артикуляцияға арнап жасайтын жаттығулар... Мейерхольд биомеханикасы актердің энергиясын бақылап, басқаруды да қамтиды.

Бұл тұста Қозының қашықта жүріп тылсым күшті сезгені жайлы айтуға болады... Мысалы тау тағысы болып алыста жүріп Баян атты есімді есту арқылы, тылсым бір күшті сезуі мен өз бойында үлкен энергия толқынын сезінуі. Соның ықпалымен эмоционалды терең толғаныс, тебіреніске түсуі. «Жел Баян деп ызындайды, көл Баян деп теңселеді, өзен Баян деп ағады, тау Баян деп күңіренеді, көк Баян деп күрсінеді», – деген сөздері арқылы тау мен тас, өзеннің энергиясы арқылы Баян әлемін сезінуі болса, актер өз кезегінде, автор ұсынып отырған осы шартты жағдайдағы кейіпкер-Қозының басынан өтіп жатқан бүкіл жағдай мен, сезінген энергиясын толығымен өз болмысынан түгелдей өткізіп басқару арқылы кейіпкер әлеміне өтетіні хақ. Сонымен Баян деп шарқ ұрған Қозының басынан өткен эмоционалды жағдайды жеткізу үшін актер де осы энергетиканы өз басынан кешіріп қана қоймай, бойындағы күллі энергияны бақылап, басқаруға тиісті. Ол үшін денедегі энергияның қозғалысын басқарумен қатар, адам санасын басқаратын энергия орталықтарын пайдалануы қажет.

Атақты американдық ғалым Джо Диспенза зерттеулері негізінде жасалған адам санасын басқаратын энергия көздері, сегіз қуат орталығы бар. Олар:

Бірінші орталық, төменгі жамбас бөлімдеріне қатысты аймақтар. Осы аймақпен ұтымды ойлар байланысты. Бұл орталық баланста болған кезде, өмір жалғасымы болады.

Екінші орталық, кіндік аймағы болып табылады. Отбасы және түрлі қарым-қатынастар. Ол аймақ баланста болған кезде адам өзін қауіпсіз сезінеді.

Үшінші орталық, асқазан аймағы. Бұл аймақ ерік-жігер, билік, бақылау, агрессия, табандылыққа жауап береді.

Төртінші орталық, кеуде тұсына орналасқан. Бұл жерде жүрек басқарады. Бұл аймақ сүйіспеншілік, қамқорлық, ынталану, сенімділікпен тұтасады. Бұл жерде жасампаздық қасиеті басталады.

Бесінші орталық, мойын орталығында орналасқан. Бұл орталық баланста болған кезде, біз ойымызды ашық, анық айтатын боламыз.

Алтыншы орталық, мойын мен желке тұсына жақын аймақ. Бұны кейде үшінші көз деп те атайды. Бұл орталық ашық кезде, айналадағы нақтылықты анық көретін жағдайда боламыз. Және ол радиоантенна сияқты бойымыздағы бес сезімнен басқа нәрселерді сезіне бастаймыз. Адамның миы дұрыс жұмыс істейді.

Жетінші орталық, бастың орталығында орналасқан. Бұнда адамның жоғары сипаттары туындай бастайды, адам барлық нәрселермен гармонияда болады. Сегізінші орталық, бастың жоғары жағында орналасқан. Ол тэнге мүлдем тәуелсіз орталық. Ол біздің ғарышпен байланысты күшейтеді. Бұл орталық ашық кезде біз кванттық әлемнен келетін кез-келген ақпаратты қабылдай аламыз.

Сегізінші орталық, бастың жоғарғы жағында орналасқан. Ол тэнге мүлде тәуелсіз орталық. ол біздің ғарышпен байланысымызды күшейтеді. Бұл орталық ашық кезде біз кванттық әлемнен келетін кез-келген ақпаратты қабылдай аламыз.

Міне осы орталықтарды барлығы дерлік сахна кеңістігінде қойылым барысында қолданыста болатынына еш күман жоқ. Ал Қозының алысты сезінуіндегі өне бойында сезімнің шарықтауы, сегізінші орталықтың басымдығымен айқындалса керек.

5. Қорытынды

Әрі қарайғы зерттеулер Мейерхольд биомеханикасының сахна тіліндегі артикуляция мен экспрессивтілікке қатысты нақты аспектілеріне, сондай-ақ актерлер мен режиссерлер өз тәжірибелерінде тікелей қолдана алатын әдістер мен оқу бағдарламаларын анықтауға бағытталады. «В. Мейерхольд техникасын меңгерудің маңыздылығы – оның болашақ актерлердің басқа да атақты режиссерлар мен ұстаздардың әдіс-тәсілдерін меңгеруге ешбір қолайсыздық тудырмауы және бөгет болмауы. Оның құндылығы осында», – деген (Карамолдаева, Кажнабиева, Ермекова, 2024: 366) пікірмен келісе, мұндай зерттеулер театр өнеріндегі актер шеберлігі мен пластиканың және сахна тілінің сөз сөйлеу бағытын одан әрі дамытуға әрі жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен қатар Мейерхольд биомеханикасы сахна тіліндегі негізгі сөзбен жұмыс істеу әдістерін де ұсынады. Бұл мәтінді талдау, негізгі ойлар мен эмоционалды кезеңдерді бөліп көрсету, сөзді түсіну мен мәнерлі сөйлеуді жақсарту үшін сөйлеу интонациясы мен ырғағын жасап тәжірибе жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Қойылымның мақсаты көрермен көкейінен орын алып, санасына эстетикалық талғам қалыптастыру болғандықтан Мейерхоль биомеханикасы актердің көрерменмен қарым-қатынас жасау шеберлігін де арттырады. Актер шеберлігі мен сахна тіліндегі сөз арқылы көрерменмен эмоционалды байланыс орнату және сөздің мәні мен мағынасын жеткізу үшін, физикалық әрекетпен қоса әртүрлі интонацияларды, ым-ишара мен ою-өрнектерді қолдануға үндейді. Осындағы айтылған зерттеу нәтижелерін сахна өнерінде қолдану режиссерлер мен актерлердің еншісіндегі дүние.

Әдебиеттер:

1. Askar Akimbek, Zukhra Islambayeva, Khozhamberdiyev Ordabek, Sultaniyarova Anar, Shankibayeva Aliya, Kumargaliyeva Nazerke, Bissenbayeva Zhanat. Classics and the National Idea. 15pp. // Scopus Kurdish Studies Volume. – № 2 (11). – 2023. <http://A.klasszikusok.es.a.nemzeti.eszme.nezete.kurdishstudies.net>
2. Байсеркенов М. Сахна және актер. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 332 б.
3. Жұмаш А.Ы., Әбеннова Ә.Е., Күлетова Ұ.А. Сахна тілін оқыту әдістерінің ерешеліктері // «Керуен» ғылыми журналы. – №3 (76). – 2022. – 232-240 б.
4. Карамолдаева Д.О., Кажнабиева Б.А., Ермекова К.Б. Сахналық бейне сомдаудың өзекті мәселелері. // «Керуен» ғылыми журналы. – №2 (83). – 2024. – 360-373 бб.
5. Құлбаев А. Сыр мен сымбат. – Алматы: «Мектеп - Болашақ» ЖШС, 2005. – 344 б.
6. Құлбаев А. Сыр мен сымбат. – Алматы: Лантар books, 2022. – 280 б.
7. Мейерхольд Вс. Статьи, письма, речи, беседы. – Мәскеу: Искусство. 1917-1939. – Т.2. – 643 с.
8. Рахимов Ә. Пьесадан қойылымға дейін. – Алматы: Тарих тағлымы, 2022 – 272 б.
9. Рахимов Ә. Режиссер шеберлігі. – Алматы: Лантар books, 2022. – 214 б.
10. Станиславский К.С. шығармалары. – Мәскеу: Искусство, 1954. – Т.2. – 214 б.
11. Төлепберген Е. Сахна пластикасының өнері. – Алматы: Дарын, 2022. – 75 б.
12. Тұранқұлова Д. Сахна тілі. – Алматы: Білім, 2011. – 264 б.
13. Тұранқұлова Д. Сырлы сөз – сахна сәні. – Алматы: Лантар books, 2022. – Т.3. – 195 б.

References:

1. Askar Akimbek, Zukhra Islambayeva, Khozhamberdiyev Ordabek, Sultaniyarova Anar, Shankibayeva Aliya, Kumargaliyeva Nazerke, Bissenbayeva Zhanat. (2023). Classics and the National Idea. 15pp. // Scopus Kurdish Studies Volume: 11, №: 2. <http://A.klasszikusok.es.a.nemzeti.eszme.nezete.kurdishstudies.net>. (in Eng)
2. Baiserkenov M. (1993) Stage and actor. – Almaty: Ana tili. – 332 p. (in Kaz)
3. Zhumash A.Y., Abenova A.E., Kuletova U.A. (2022) Features of methods of teaching stage language // Scientific journal «Keruen». – №. 3 (76). – pp. 232-240. (in Kaz)
4. Karamoldaeva D.O., Kazhnabieva B.A., Ermekova K.B. (2024) Current Issues in Stage Image Creation. // «Keruen» Scientific Journal. – №. 2 (83). – pp. 360-373. (in Kaz)
5. Kulbayev A. (2005) The secret and handsome. – Almaty: «Mektep-Bolashaq». – 344 p. (in Kaz)
6. Kulbayev A. (2022) The secret and handsome. – Almaty: Lantar books. – 280 p. (in Kaz)
7. Meyerhold Vs. (1917-1939) Articles, letters, speeches, conversations. – Moscow: Iskusstvo. – Vol.2. – 643 p. (in Russ)
8. Rakhimov A. (2022) From the play to the performance. – Almaty: Lantar books. – 272 p. (in Kaz)
9. Rakhimov A. (2022) Director's skills. – Almaty: Lantar books. – 214 p. (in Kaz)
10. Stanislavsky K.S. (1954) The works of Stanislavsky K.S. – Moscow: Iskusstvo. – Vol. 2. – 214 p. (in Russ)
11. Tolepbergen E. (2022) Art of Stage plastic. – Almaty: Daryn. – 75 p. (in Kaz)
12. Turankulova D. (2011) Stage language. – Almaty: Bilim. – 264 p. (in Kaz)
13. Turankulova D. (2022) The Secret word - the fashion of the stage. – Almaty: Lantar books, – Vol. 3. – 195 p. (in Kaz)